

ЛЕНИН ТУ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТтарының
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 180 (9498) ||

1954 жылғы

Сентябрь 10 Жұма

МТС ЖӘНЕ КОЛХОЗ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫ

Бұл күндері облысымыздың егін дала-
ларында ауа райының қолайсыздығына
қарамастан, егін жыйнау және мемлекет-
ке астық тапсыру жұмыстары қызу қар-
қынмен жүргізілуде. Бұл жұмыстар кол-
хоз өндірісінің дамуындағы шешуші күш
болып табылатын, социалистік мемлекеті-
міздің колхозға басшылығындағы маңыз-
ды тірегі — машина-трактор станция-
ларының үздіксіз көмегі арқылы жүзеге
асырылуда.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі
машина-трактор станцияларының жұ-
мысын жақсартуға, колхоздың қоғамдық
шаруашылығын өркендетуге күнбе-күн
көңіл бөліп келеді. СОКП Орталық Коми-
тетінің сентябрь Пленумының қаулысы
МТС-те механизаторлар кадрларын тұрақ-
тандырып, оларға қажетті жағдайлар жа-
сау міндетін қойды.

Мұнымен бірге, Пленум қаулысында
көрсетілгеніндей, МТС, колхоз басшылары
қолынан іс келетін білімді, тәжірибеді
кадрлармен нығайтылды. Пленум қаулы-
сын қалтқысыз жүзеге асыруға бағыттал-
ған бұл шаралар машина-трактор стан-
цияларының колхозды деревняға көмегін
анағұрлым жақсартып, олардың қоғамдық
шаруашылығын ілгері бастыруға үлкен
әсер етуде.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь,
февраль-март және июнь Пленумдары-
ның қаулыларын ойдағыдай жүзеге асы-
ру, сөйтіп, елімізде тың және тыңайған
жерлерді игеру есебінен астық молшы-
лығын жасау, жеңіл және тамақ өнеркә-
сілерін шикізатпен қамтамасыз ету мін-
деттері МТС, колхоз бастауыш партия
ұйымдарының жұмысын анағұрлым жақ-
сартуды талап ететіні сөзсіз.

Егін жыйнау — ауылшаруашылық жұ-
мыстарының аса маңызды, қорытынды
кезеңі. Колхоздардың қоғамдық шаруашы-
лығын нығайту, колхозшылардың мате-
риалдық әл-ауқатын арттыру, егін жый-
нау, астық дайындау жұмыстарын дерке-
зінде және сапалы өткізуге тікелей бай-
ланысты. Міне, сондықтан да, ауыл шар-
уашылығы еңбекшілерін егін жыйнау
және мемлекетке астық тапсыру жұмыс-
тарын қысқа мерзімде, ысырапсыз аяқ-
тау күресіне жұмылдыру, сөйтіп, егін
оранының жоғары сапада өтуіне жетісу —
МТС, колхоз бастауыш партия ұйымда-
рының бүгінгі таңдағы кезек күттірмей-
тін міндеттері болып табылады.

ұйымдарын қосуға болады. Аталған МТС-
тердің қамтуындағы колхоздардың егін-
шілері және механизаторлар социалистік
жарысқа ұштасқан. Үгітшілер дала қос-
тары мен трактор бригадаларына, қырман
бастарында жиі болып, социалистік жа-
рысқа қорытынды жасап отырады. Еңбек
озаттарының іс тәжірибелері насихатта-
лып, көпшіліктің игілігіне айналдырыла-
ды.

Конюхов ауданының «Пролетарская
знамя», Булаев ауданының Коминтерн
атындағы колхоздарының партия ұйымда-
ры (секретарьлары Н. Кириченко, А. Гор-
болов жолдастар) егіншілер арасындағы
саяси үгітті кеңінен өрістетіп, егіншілер-
ді жаңа еңбек табыстарына жұмылдыруда.
Коммунистер өндірістің жауапты учас-
токтерінде істеп, еңбекте авангардтық
роль атқаруда. Партиялық-саяси жұмыс-
тың идеялық жоғары дәрежеде жүргізілуі
шаруашылық жұмыстарын ілгері басты-
руға үлкен әсер етуде. Аталған колхоз-
дар мемлекетке астық тапсырудың графи-
гін үзбей орындап келеді.

Дегенмен, облысымыздың кейбір МТС,
колхоз партия ұйымдары жаңа талаптар-
ға сай жұмыс істей алмай келеді. Әдет-
те, мұндай партия ұйымдары іске нақты-
лы басшылық жасамай, жалаң нұсқаулар
берумен барлық жұмысты тындырады.
Мысалға Петропавл МТС-нің партия ұйы-
мын алайық.

МТС партия ұйымы, оның секретары
Бенделев жолдас механизаторлар арасын-
дағы партиялық-саяси жұмысты жақ-
сартуға жете көңіл бөлмеген. Егіншілер-
дің, механизаторлардың арасындағы со-
циалистік жарыс формальді түрде ұйым-
дастырылған. Оған уақытылы қорытынды
жасалып, озат механизаторлардың жұмыс
үлгілері насихатталмаған. Бенделев жол-
дас трактор бригадаларында сирек болып,
жергілікті жердегі жағдайды жете білмей,
үстірт басшылық жасаған.

Партиялық-саяси және ұйымдастыру
жұмыстарының өз дәрежесінде болмауы,
егін жыйнау және мемлекетке астық тап-
сыру жұмыстарының төзгісіз баяу жүргі-
зілуіне әкеп соқты. МТС қамтуындағы
колхоздарда комбайндардың техникалық
жарамсыздығынан, не жанар-жағар май-
ларының уақытылы жеткізілмеуінен тоқ-
тап тұруы жиі кездеседі. Мұнда ком-
байндармен егінді топтасып ору әдісі қол-
данылмай отыр. Бұл комбайндарды жа-
нар-жағар майларымен қамтуды, агрегат



Образцовая
деттенген болатын
380 гектар жердің
СУРЕТТЕ:

Мальце кеңінен қ

Курган облысы, П
«Завесы Ленина» в
жаңашыл-ғалым Ма
рақты өңдеудің жаң
өзінің көп жылдар б
практикалық жұмы
рып, жерді түрленсіз
илуінен 40-50 с та

(Жалғасы бар).

Оған совет жазушыларының III съезі

КСР Жоғарғы Со-
да Қазақстан Совет
ші съезінің үшін-
еспублика совет жа-
рмасының предсе-
дің баяндамасы, қа-
ясы, поэзиясы және
сымпа баяндамалар

берілді. Ол игілікті
остығына арналған
шығармалары тү-
байланысты шешен
орыс халқымен дос-
теберлікпен көрсет-
«Абай» романының,
«ған өлке» романы-
роетті.

биет сынының жа-
С. Бекқожин әр кез-
ара бір-біріне мүлде
еретін кейбір автор-
арының принципіз-
тәрі.

сөзінің едәуір бөле-
мәселелері жайында
артта қалуының
салда жұмыс істе-
лігіне Қазақстан жа-
ралынан жеткілік-
інде деп есептейді.
қ сын және әдебиет
ы 4-5 томға жетеді.
жөніндегі көптеген
О жыл ішінде орта-
ланды. С. Мұқанов,
қалары сын мақала-
бұл шығармалар осы
ай «ауыз творчес-
н келеді.

на—туысқан рес-
ушыларына арнап,
Қазақстанда болуын
дары туралы, жаңа
ырлары туралы шы-
далануға шақырды.
н алдында сөйлеген
Ерғалиевтің «Сенің
жаксы баға беруіне
Ол бұл шығармала
түседі деп есептейді.
шкер бейнесін жасау
ебиет сынының тол-
мәселелеріне үлкен

ен аға жазушылары-
Т. Әлімқұлов, қазақ
е шағында келді. Олар
зрибелерінің жетімсіз
Совет халқының мә-
ар ішінде шексіз өр-
кем шығармаға қойы-
артады. Өзінің шебер-
жұмыс істемейтін, шы-
табаңды еңбек етпей-
сайын өмірден сөзсіз

алған Ф. Моргун осын-
Озат совет адамының
ін, деп мәлімдеді ол,
аму заңдарын білу ке-
ушы марксизм-ленини-

атты пьесасына² айтылған сынға қарсы
пікір айтып, сатиралық кейіпкерлер жа-
сау мәселелеріне, совет пындығы шығар-
маларында оның алатын орны туралы то-
лық тоқталды.

Молдавия ақыны И. Ртвская съезді
шын жүректен құттықтап сәлем жолда-
ды, қазақ әдебиетшілерін өз творчество-
сында халықтары, оның өмірі мен еңбе-
ріндегі нәр боларлық барлық жақсы нәр-
сені көрсетуге шын жүректен шақырды.

С. Васильев совет сатиралық поэзия-
сының жайы туралы айтты. Ол бұл жа-
уынгерлік жанрды көптеген жазушылар-
дың мүлде орынсыз ұмытып отырғанын
айтты.

Сатиралық өлеңдер, мысалдар, эпиграм-
малар жазатын қазақ авторлары өте аз.
Олардың өзінде де бұл жөнінде творчество-
лық белсенділік байқалмайды. Қазақтың
ақын-сатириктерінің шығармаларын ауда-
ру жұмысының жайы да өте нашар. Бел-
гілі сатирик А. Тоқмағанбетовтың өлеңде-
рі осы күнге дейін орыс тілінде басылған
жоқ, Е. Мүсәрепов те өзінің сатиралық
шығармаларын бастырмайды.

П. Кузнецов «Советский Казахстан»
зінде қазақ және орыс жазушыларының
ынтымақтасқан творчестволық еңбегіне
үлкен назар аударды. Оқушы өзінің
құндылығы жағынан қол жазбасынан
төмен аудармаларды емес, нағыз дәл ауда-
рылған шығарманы оқытатын болуы ке-
рек. Алайда, аударманы жұмысты қол-
ға алғаннан кейін кітап авторының ол
жұмысқа қатысы жоқ деген теріс пікір
орын алды. Бұл пікірді теріске шығаруға
дәлел ретінде, шешен, «Абай» романын
аударған М. Әуезов пен жазушы Л. Собо-
льевтің бірлескен жемісті творчестволық
еңбегін мысалға келтірді. П. Кузнецов
аударманың таланты күшейтудің бұл
жауапты және елеулі жұмыспен кездей-
сек, даярлығы нашар адамдардың айна-
лысуына тыйым салудың қажет екенін
атап көрсетті.

П. Кузнецов «Советский Казахстан»
журналының басшыларын сынайды. Рес-
публика Совет жазушылар одағының бұл
органы бұйыл елеулі маңызы бар шы-
ғармаларды аз жариялады. Оның бетінен
қазақстандықтардың батырлық еңбегі ту-
ралы очерктер мүлде дерлік жоғалып кет-
ті, тың жер игерудің батырлары туралы
да очерктер жоқ.

Сірә, «Советский Казахстанның» ре-
дакция алқасы деп мәлімдеді шешен, ав-
тордармен жұмыс істемейтін болса керек.
Өйтпесе бұл журналдың соңғы номерінде
оның бас редакторы Л. Мавеевтің өзін өзі
мақтайтын материал жариялабаған бо-
лар еді.

Өзінің сөзінің едәуір бөлегін К. Шаң-
ғытбаев Қазақстан ақындарының шебер-
ліктері, тіл мәдениеттілігі мәселелеріне
арнады.

—Біздің ақындарымыздың бір аз бө-
легі,—деді ол, әресе, Т. Жароков пен А.
Тоқмағанбетов өздерінің шығармаларын
шамадан тыс әдемілен жібереді. Олардың
өлеңдерінде орынсыз ырақ, нәрсіз боя-
малау, басы артық теңеулер мен мета-

ақындардың өлеңдер циклынан келтірді.

Л. Кривошеков Қазақстан совет жазу-
шылар одағы орыс секциясының жұмысы
туралы айтты. Съезд қарсаңында Д. Оне-
гинде орыс секциясының жұмысы туралы
баяндама жасау тапсырылды. Кейіннен
белгісіз себеппен бұл баяндама күн тәрті-
бінен алынып қалды. Қазақстан совет
жазушылар одағы басқармасының пред-
седателі Г. Мустафиннің баяндамасында
орыс секциясының тек бар екендігі ғана
айтылды. Шындығында ол өгей баланың
жағдайында өмір сүреді. Оған ешкім шын-
дан басшылық жасамайды, оның жұмысы-
на көңіл бөлмейді. Л. Кривошеков өз шы-
ғармаларына жалпы, үстірт тақырыптар-
ды таңдап алатын жас ақындардың қате-
ліктерін атап көрсетті.

—Біздің жазушыларымыз,—деді Г. Сла-
нов, сын мақалаларда мынадай сұрақтар-
ға: қазақ романы бүгінгі дәрежеге қалай
жетті? Біздің әдебиетіміздің бұл қыйын
жанры қандай қиындықтардан өтті?
Социалистік реализм әдісінің талабына
толық жауап беретін қазақ романын жа-
сауға не берет болып отыр? жауап таба
алмайды.

Шеберлік, тіл жөнінде пікір алысу ре-
тінде мақалалар, айтыс мақалалар, үлкен
шығармаларға апаратын жол болып табы-
латын очерк және шағын әңгімелер ту-
ралы мақалалар жарияланбайды. Сынының
мұндай халі едәуір дәрежеде республика-
да әдебиет газетінің жоқтығынан болып
табылады.

—Ұйғыр жазушылары Отан алдында
үлкен борышты,—деді К. Хасанов.—Бұл
арада, әрине әңгіме шығармалардың са-
нында да, тақырыбында да емес. Тақы-
рып өлшеусіз көп. Біздің жазушыларымыз
заманымыздың барлық ірі оқиғаларына
үн қосып отырады. Мәселе, біздің жазу-
шыларымыздың творчествосының дәре-
жесі, сол сияқты ұйғыр әдебиетінің дә-
режесі болып жатқан оқиғалардың өрі-
сіне сай емес екендігінде.

Жекелеген ұйғыр ақындары тақырып-
тарын тереңдетпейді, оған терең үңілмей-
ді, фактілерді ойластырмайды, тіл шебер-
лігін арттырумен аз шұғылданады. Солж
бола тұрса да ұйғыр әдебиетшілердің ішін
де бірнеше өлеңдер жазып, өзін классик-
терміз деп атайтындар әлі бар. Бірінші
табыстары оның басын айналдырып жі-
береді. Поэзия туралы айтылғандардың
драматургияға да бірдей қатысы бар. Дра-
матургтердің өмірді білуі мен жазушылық
шеберлігі жеткіліксіз. Қолхоздарға немесе
кәсіпорындарына атүсті барып қайту, жа-
зушыларды қажетті әсерлермен байыта
алмайды, бүгінгі күннің кезек күттірмей-
тін тақырыптарын білін көтеруге шие-
лікпен сюжет табуына мүмкіндік бермей-
ді. Ұйғырдың музыкалық драма театрын-
да осы күнге дейін ұйғырдың кәзіргі өмі-
рін көрсететін бірде бір шынайы пьеса-
ның жоқтығы тегін емес.

Қазақстан совет композиторлары одағы
председателі М. Төлебаев съезд делегатта-
рының назарын ақындардың, сондай-ақ
композиторлардың қатысуын тілейтін
өлеңдер жасау мәселесіне арнады.

Әдебиетшілерінің теориясы кем болып отыр. Олар бұдан 2 жыл бұрын диалектикалық реализмді үйренушілер қатысып келеді. Марксизмнен және әдебиет ішкір өткізу жөнінде республика жазушылары мен партия бюросы жөнінде қам жасамады. И, творчестволық секторлар әдебиетті насихаттау жұмысын мықтап жақ

дестілерінің арасында, Моргун, бұл жоғары, адамгершілікке жатпайтын, маскүнемдіктер әлі бар. Бұған олардың қатысты және басқарылады. Олардың орыс тіліне ауысуы, шешен, орыс қазақ тілін үйренетін рудың өте қажет екенін «Дубай Шубаевич»

қазақстан совет жазушыларының өз жұмысын жүргізу әртібінде — Қазақстан одағы басқармасының Сталиннің баяндамасын драматургиясы, поэзия туралы қосымша баяндау.

Берілді. Ол бірсыпыраларының творчествосының себептерінің бірі екендігі деп есептеді. Олар қайсы бір шығармалардың жазғанын Шешен мұндай сын М. Сәрсекеевті көрсеткен оның жерісінше айтпай қалады. Мысалы творчествосын зерттеген Токмаганбетов және С. М. Сәрсекеевтің ақырына дейін мұндай бір бетті талдауға көмек көрсететін отырған шығармаға еуге тырысып, түсініксіздігінен сын мақалалары әдебиетшілерге нақты.

Әдебиет және искусство» бөлімінің нашар жүргізгендігі. Онда жарияланатын объективтік емес, бұл жұмысқа жаңа аяда. Редакция «жұрттау» деген сылтаумен олардың белгіленіп, бір практикасын қолдана-

әдебиет министрі Х. Байтұрғынның артта қалғандығын белгілінің үстіне, республика әдебиетшілері драматикалық қарайды, оны

деседі. Ақындар сөздік қорды байыту жөнінде қам жемейді, фольклорлық мұраның байлықтарына аз үйіледі. Біз өз тілімізді арқауымыз толықтырып және байытын отыруға, ескірген бейнелеу құралдарынан аулақтауға тиіспіз.

Мінбеді—Т. Жароков. Ол қазақ совет поэзиясы туралы жасаған қосымша баяндамасында қазақ поэзиясының проблемалы мәселелеріне—ақындық шеберлікке, поэзиялық шығармалардың түрі мен мазмұнына, сюжетіне аз көңіл бөлген С. Мұқановтың атына сын айтты. Т. Жароков көп ақындар, әсіресе жас ақындар өз шығармаларында сезім туралы ғана жазып, саяси үгіт туралы ұмытады. Ал, бұл оларды өмір шындығынан аулақтатып жібереді. Өмірден қол үзген мұндай көп өлеңдер біздің дәуірімізге жат болып табылады. Бізге, дейді, шешен, өзінің идеялық жағынан терең, көркемдігі жоғары саяси лирика керек. Біз нағыз бүгінгі тақырыпқа өлең жазуға, біздің әдебиетіміздің партиялықлығы үшін күресуге тиіспіз. Т. Жароков жағымды мысал ретінде біздің заманымыздың шын оқығандарын бейнелеген С. Мәуленовтың, Ә. Тәжібаевтың, Г. Ормановтың және басқа

* * *

екінші дәрежедегі жұмыс деп санайды. Бірақтар жазушылардың драматургиялық шығармалар жазуға тұрмысты білуі және жазушылық шеберлігі жетпейді.

Х. Байғалиев еңбекшілердің көркем өнерпаздығының қаулап өркендегендігінің мәліметтерін келтіріп Қазақстанда көркем өнерпаздардың байқауына қатынасатындардың саны 1948 жылғымен салыстырғанда 4 есе көбейді. Бірақ үйірмелердің, әсіресе драма үйірмелерінің репертуарлары өте кедей. Бұл жазушылардың кінәсі. Бір ақтылы пьесалар және көркемөнерпаздар үшін басқа да шығармалар жазу саласында жұмыс істеу әрбір әдебиетшілердің ең бір негізгі ісіне айналуға тиіс.

Д. Снегин өзінің сөзін республиканың совет жазушылары одағының орыс жазушылары секциясының жұмысына арнады. Секцияның әдебиетшілерге саяси тәрбие және эстетикалық білім беру ісімен шұғылданыуы нашар екендігін ол мойындады. Секция жазушылық шеберлігінің көкейтесті проблемалары талқыланатын қандай қайнаған творчестволық жұмыстың орталығына әлі айналған жоқ. Бұдан кейін шешен республиканың көркем әдебиет баспасында орыс тіліндегі көркем шығармаларды түзеп-жөндейтын мамандығы бар, ысылған редакторлардың жоқ екендігін айтты.

Д. Снегин секцияға нашар көмектесіп отырғандығы үшін ССРО Совет жазушылары одағына тың ескертпелер жасады. Осымен байланысты ол республикаға совет әдебиетінің жетекші шеберлері келіп, тәжірибесі аз жергілікті жазушыларға көмектесетін ескі дәстүрді қайтадан қолдануды ұсынды.

Съезде Т. Ақтанов болымды кейіпкердің образын жасау проблемасы туралы сөйледі. Ол осы көкейтесті мәселе жөнінде Протопова жолдастың және басқа авторлардың орталық баспасөз бетінде жария-

дәрежесін арттыру еңбегі дәрежеде текетін авторына байланысты. Бұл ретте композиторлар одағы мен жазушылар одағы арасында тығыз ынтымақ орнату талап етіледі. Қазақстан жазушылар одағы да, оның поэзия секциясы да өлең жанрының өркендетуге тиісті көңіл бөлмей келеді. Бейде өлең жазуға бұл жұмыстың ерекшеліктерімен мүлде таныс емес авторлар кіріседі. Олар кез келген өлеңге музыка жазуға болады деген қатер пікірге сүйенеді.

Кәсіргі бар өлеңдердің тақырыптары бір тектес, кәсіргі өмірді нашар көрсетеді. Совет адамдарының жоғары моральдық бейнесі жеткіліксіз суреттеледі. Күлдіргі өлеңдер, сатира мен юморлар атымен жоқ. Мәжілістің қорытындысында Б. Байсақалов сөз сөйледі. Ол Г. Мұстафиннің «Миллионер» және Г. Мүсереновтың «Ояған өлке» романдары туралы өзінің сын пікірлерін айтты. Шешен Қазақстан совет жазушылары одағының жас әдебиетшілерге көмегінің жеткіліксіз екенін атап көрсетті.

Осымен Қазақстан совет жазушыларының үшінші съезінің үшінші мәжілісі жабылды.

жанған мақалаларының кейбір жағдайларына таласатындығын айтты.

Жас авторларға тәрбие беру мәселесіне тоқтай келіп, шешен жастарға жеткілікті қамқорлық істемей отырғандықтары үшін қазақтың аға әдебиетшілеріне кінә тақты. Әрине, деді Т. Ақтанов, аға жазушылар жастар үшін сюжет ойлап табуға, жазып беруге тиіс емес. Бірақ, үйрету, жол көрсету, қабілетті жастардың өсуіне көмектесу жөніндегі құрметті право тәжірибелі жазушыларға беріледі. Алтын шыққан жерді белудан қаз, дейді халық мақалы.

Бұл пікірді осыдан кейін сөйлеген А. Токмаганбетов те қостады. Ол аға жазушылардың да, жас жазушылардың да шығармаларының еңкімнің бет ашарына қарамай, принципті түрде іскерлікпен талқылап отыру керек екендігін айтты. Осымен байланысты шешен Ә. Тәжібаевтың «Дубай Шубаевич» деген пьесасын бірінші рет талқылағанда кейбір кемсе әдебиетшілер мен сыншылардың либералдық істегендігін, үстірт қарағандығын айтты. Мұндай практика авторларға көмектеспейді, қайта оларды жаңылтады, сәтсіз шығармалардың саны көбеюіне әсер етеді.

Е. Лизунова әдебиетте жаңа жерлерді игеру тақырыптарын бейнелеуге байланысты мәселелерге тоқталды. Әрине, жазушылардан тың жерді игерудің қаһармандары туралы осындай қысқа әңгімелер, романдар немесе повесттер жазып қоюды талап етуге болмайды. Бірақ, әзірге бұл тақырыпқа үн қосқан очеркшілердің өзі де өте аз. Республикада осы уақытқа дейін бұл жөнінде басылып шыққанның бәрін очерктер жазуға заявка деп атауға ғана болады. Мұнда, негізінде, жаңадан келушілердің қалай келгендігі, олардың қалай қарсы алынғандығы сөз болады.

Қазақстан совет жазушыларының III съезі

(Соны. Басы 2-бетте)

Шешен бұл очерктердің жалпы кемшілігі тартыссыздық деп санайды. Бұларда мінез-құлықтар күресі жоқ. Үлкен қыймылдар жоқ. Ал, осыз тұрмыс шындығы болмайды. Бұл шығармаларда романтика аз. Очеркшілердің қыйыншылықтарды жоюын, тұрмыс қатынастарының күрделілігін нашар көрсетеді.

Е. Лизунова «Советский Казахстан» журналының сөзсіздіктерге ұшырап отырғандығының бір себебі — редакцияда қолайсыз жағдайдың орын алып отырғандығынан деп көрсетті. Республика жазушылары одағының бұл органының редакциялық коллегиясы журналының мұқабасында қол қоюға ғана өмір сүреді, деді ол. Журналда жарияланатын бірқатар материалдары редакцияның мүшелері көбінесе журнал жарыққа шыққаннан кейін ғана көреді. Ал редактор Л. Макеев тек өзі ұнатқан материалдарды ғана басады.

«Советский Казахстан» журналының жұмысындағы қателер мен кемшіліктердің себептері туралы А. Волотупкин де сөйледі.

Съезд мандат комиссиясының баяндамасын тыңдады. Мандат комиссиясының председателі М. Жанғалин баяндама жасады.

Ш. Құсайынов пен Е. Сатыбалдин өздерінің сөздерін қазақ драматургиясының көзіргі проблемаларына — біздің Отанымыздың бүгінгі күні туралы пьесаларға, болымды кейіпкер образын жасау жолындағы жұмысқа артады.

Якут ақыны С. Кулачиков — Элий минбеге шықты. Ол былай деді:

— Осынау ну ормандар мен мүк басқан даланың халықтары — орыстар мен якуттар шалқыған Лена мен Солтүстік Мұзды Мұхиттың жағалауынан даңқты қазақ халқына шын жүректен өзінің туысқандық сөлемін жолдайды.

Бұдан екі жылдай уақыт бұрын Қазақстанда болған ол осы жылдар ішінде республикада жасалған тамаша өзгерістер туралы айтты.

Бұдан кейін Қазақ ССР Оқу министрінің орынбасары Ә. Шарипов сөйлеп, республикада балаларға арналған көркем әдебиеттің жайы жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беру міндеттерін орындауда өсіп отырған талаптарға сай келмейтіндігін айтты. Соңғы жылдардың ішінде балаларға арналған жазылған оригиналды шығармалар бір-бірі жарым ғана. Бйылғы жылы балаларға арналған 72 кітап басып шығару белгіленді. Жыл аяқталып келеді, ал, осы уақытқа дейін бар болғаны 28 оригиналды және 23 аударма шығармалар жарыққа шықты. Бұл кітаптардың тәркемдік және педагогикалық дәрежесі өте төмен.

Ә. Әбішев Ш. Құсайыновтың «Көктем желі» пьесасының кемшіліктерін толық сыйпаттады.

Ә. Ипмағанбетов көркем аудармалар жайына тоқталды. Соңғы бес жылдың ішінде республикада қазақ тіліне 300-ден астам көркем шығарма аударылды. В. Шекспирдің «Отеллосы», Н. А. Островскийдің «Таланттар мен бас иөшілері»

биетінің жалпы дәрежесі әлі төмен. Ә. Ипмағанбетов сапасыз аударудың көп мысалдарының бірін келтірді. Василий Конный «Жұлдыз» деген повестінде: «...в погоне за нарядностью девочки забывают...» («...сәнденудің қызығына түсіп қыздар...») деген сөздері бар аудармашы Боранбаев «в погоне» деген сөзді «погоны» деп түсініп, бүкіл сөйлемнің мағынасын бұрмалаған.

Газеттер мен журналдардың көп мақалаларында көркем аударма үлкен таланттылықты керек ететін иәкүстество, бұл үлкен творчестволық процесс деп атап көрсетіледі. Бірақ, бұл жеткіліксіз. Көркем творчествоның белгілі түрі ретінде аударма жұмысының өзіне тән өзгешеліктерін неғұрлым толық айқындап апаратын уақыт жетті.

Жазушылар, — деді профессор С. Аманжолов, — таза әдебиет тілінде жазуға тиіс. Өздерінің шығармаларына жеке аудармалар үшін сыйпатты сөздер мен сөз тіркестерін ерекше бір қажеттігі болмаса енгізбеуге тиіс.

Шешен кейбір жазушылардың — Г. Ормановтың, Г. Слановтың, А. Нурпейсовтың және басқаларының диалективизмді шебер пайдалана білмейтіндігін, қазақтың әдебиет тілін ластайтынын айтты.

Мәжілістің қорытындысында ССРО Совет жазушылары Одағы делегациясының басшысы Н. Грибачев сөйледі. Совет жазушылары Одағы басқармасының атынан және оның талпынуы бойынша ол съезде туысқандық сөлем жеткізді және қазақ әдебиетшілерінің бұдан былай да творчестволық табыстарға жетуіне тілек білдірді.

Н. Грибачев өз сөзінің едәуір бөлегін совет әдебиетінің негізгі теориялық проблемалары — тарыстың мазмұны туралы және болымды кейіпкерлер мен теріс кейіпкерлер туралы мәселелерді анықтауға бөлді.

— Абайдың қайтыс болғанынан бері өткен 50 жылдың ішінде, — деді шешен, — қазақ әдебиеті басқа жағдайларда жүздеген жыл уақыт өткізілетін жоқтан өтті. Қазақ әдебиетінің дамуындағы ең тамаша және шындықта таңқаларлық факт прозаның табыстары болып табылады. Қазақ совет прозасы 30-жылдардың аяқ шенінде туып, көзіргі уақытқа толық гүлденіп, осы замандағы әдебиеттің жоғары табыстарының дәрежесіне жетті.

Қазақ жазушыларының творчествосынан бірқатар мысалдар келтірді Н. Грибачев қазақ әдебиетінің өте манызды ерекшелігін суреттеді. Оның барлық пәрменмен дамуы жайында оған тақырып жөнінен тар өрістілік жат. Оның барлық жанрлары дамуда және әрбір шын өсіп жеткен әдебиет сыяқты, ол тұрмыс қуылыстарын барынша толық, кең және терең қамтуға ұмтылып отыр.

Қазақ поэзиясы дұрыс, даңғыл жолға түсті. Бірақ, оның әлі көп қыйыншылықтарды, бөрінен бұрын әліптеме түріп және риториканы жою керек.

Қазақ әдебиеті үшін маңызды проблема — тартыс және типтендіру проблемасы болып табылады. Тартыс проблемасын дұрыс шешу үшін бірден-бір өлшеуіш — партияның шындықты жазып қалғандығы деген

тарихи биік тұрғыдан қарайтындығы. Мысалы Г. Мусреповтың «Оянған өлке» романындағы Рязанов пен Ушаковтың арасындағы тартыс композициялық шиеленіс жасау үшін ғана көрсетілген тартыс емес, тіпті сонымен бірге екі мінез-құлықтың арасындағы тартыс та емес. Бұл — ақша мен үкметті өз қолына жыйнақтауға тырысып, күштінің әлсізді жұтып жіберетін жағдайында ірі капитал өсуінің ерекшеліктерін көрсететін тартыс. Мұндай тартыс тарихи жағынан ақталған және көркемдік жағынан нанымды.

Шешен біздің Отанымыздың тарихындағы бұрылыс кезеңдері туралы совет әдебиеті дүниежүзілік әдебиеттің ең биік шыңында тұрған шығармалар жасағандығын айтты. Бірақ, біздің дамуымыздың бейбіт дәуірі туралы, соның ішінде колхоз құрылысы туралы бірінші дәрежелі шығармалардың мұндай саныммен мақтанға болмайды. Бұлай болып отырғандығының себебі — көзіргі біз көріп отырған заманның шын тұрмысының тартыстары антагонистік сыйпаттан айрылған және бұл тартыстарды тұрмыста зергітеу қиын және көркемдік жағын көрсету де қиын.

Съездің жұмысына тоқтай келіп, Н. Грибачев қазақ әдебиетінің белгілі жанрлары жөнінде тарихи шолу жасау мағынасында баяндамалардың өте толық болғандығын атап көрсетті. Бірақ, өте өткір теориялық проблемалардың көрсетілуі жеткіліксіз болды. Бүкілодақтық II съездің қарсаңында, барлық совет жазушылары сыяқты, қазақ жазушылары да сәтсіздіктердің себептерін тереңірек айыра білу үшін де, әсіресе, жазушылардың жеңіске жететін жолдарын белгілеу үшін де теориялық проблемаларға көбірек көңіл бөлулері керек.

Қазақ әдебиеті бүкілодақтық әдебиеттің құранды және толық праволы бір бөлегі ретінде, соның арнасында дамып келеді. Қазақ әдебиетінің орыс әдебиетімен ескі дәстүрлі байланыстары бар. Бірақ, съезде жасалған баяндамаларда қазақ әдебиетінің проблематикасы бүкілодақтық әдебиет процесімен бөліп алынып, оқшау қаралды. Бұл дұрыс емес, өйткені бүкіл совет әдебиетінің алдында тұрған теориялық проблемаларды бір республиканың шеңберінде шешуге болмайды. Мұның үстіне, қазақ жазушылары басқа республикалардың жазушыларымен тығыз іскерлік және творчестволық байланыс орнатулары керек. Мұның өзі әдебиеттің басты міндеті ретінде Максим Горький көрсеткен тәжірибе ауысу ісіне қызмет ететін болады.

— Бізде әдебиеттің күрделі міндеттерін ойдағыдай орындау үшін барлық мүмкіндіктер бар, — деді сөзінің қорытындысында Н. Грибачев, — Ең алдымен бұл — Коммунистік партияның үзіксіз қамқорлығы, бұл халықтың сүйіспеншілігі мен сенімі. Әңгіме тек мынада: біздердің өздеріміз көбірек және жауаптылық еңбек етуіміз керек, біздің достығымызды нығайтып отыруымыз керек, бір-бірімізге әрдайым көмек көрсетіп отыруымыз керек және әрқашан іздену, творчестволық даму қалпында болуымыз керек. Үлкен еңбек жасалса, үлкен табыстар да болады.

Егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарына барлық мүмкіншіліктер толық пайдаланылсын

Петропавл аудандық партия комитетінің VII пленумынан

Петропавл ауданының колхоздары мен машина-трактор станциялары жыл сайын жаңа отандық қуатты техникамен жабдықталуда. Тек бйылғы жылдың өзінде ғана колхоздар мен МТС-тер көптеген жаңа тракторлар мен комбайндар және басқа ауылшаруашылық машиналарын алды. Оның үстіне Ленинградтан, Свердловдан, Украинадан, еліміздің және басқа жерлерінен егін жыйнау және мемлекетке астық тасу жұмыстарына көмектесу үшін комбайндар, жүк машиналарын келді. Бұл ауданның колхоздары мен МТС-терінде егін жыйнау және мемлекетке астық тасу жұмыстарын қысқа мерзімде, ысырапсыз аяқтауға толық мүмкіншілік бар деген сөз. Осыған қарамастан ауданда егін жыйнау жұмыстары тозгісіз ұзаққа созылуда. Астықтың ашық далала қалып, қызып, бүлінуіне жол берілуде.

Бұрнағы күні болып өткен аудандық партия комитетінің VII пленумы «Егін жыйнау және мемлекетке астық тасу жұмыстарының барысы туралы» РКП аудандық комитетінің секретары Ш. Қабунасов жолдастың баяндамасын тыңдап, талқылады. Пленумға бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары, колхоз председателдері, МТС директорлары және ауылшаруашылық мамандары қатысты.

Баяндамашы және жарыссөзде шығып сөйлеушілер ауданның колхоз, совхоздарында және МТС-терінде СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумы қаулысының қанағаттанғысыз орындалып отырғандығын атап көрсетті. Ауданның көптеген колхоздары мен МТС-тері егін орағына әзірліксіз кірісті. Жабдық қырмандар жеткілікті әзірленбеді. Соның салдарынан астық ашық далала қалып, оның бүлінуіне, шіруіне жол берілді.

Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомі астықтың бүлінуіне көріне көзге жол берді. Ш. Қабунасов жолдас өзінің баяндамасында аудандық партия комитетінің бірінші секретары бола тұра бұл жұмыстарға нашар басшылық жасағандығын толық мойындады. Мұнымен бірге, ол аудандық партия комитетінің бюро мүшелерін, еңбекшілер депутаттары аудандық Советінің бұрынғы председателі Ыбраев жолдасы егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарына үстірт басшылық жасағаны үшін қатты сынады.

Ауданның колхоздары мен МТС-терінде қолда бар техника толық пайдаланылмайды. Тракторлар мен комбайндардың техникалық жарамсыздығынан және жанар-жағар майларының уақытылы жеткі-

зілмеуінен тоқтап тұруы жиі кездеседі. Күні осы уақытқа дейін комбайндармен егінді топтасып ору әдісі қолданылмаған. Мұның өзі, комбайндарды жанар-жағар майларымен қамтуды, агрегат мүшелерінің қажеттерін дерезінде жеткізуді едәуір қиындатып, егін жыйнау жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтауға бөгет жасауда.

Облыстық партия комитеті өзінің бюро мәжілісінде «Петропавл ауданының Сталин атындағы колхозында астықты сақтаудағы ұқыпсыздық туралы» арнаулы мәселе қарап, колхозда астық тазарту процестерінің толық механизациялауына қарамастан, астық тазартқыштардың сменалық, тәуліктік жұмыс өнімділігінің төмендігін, қырманда еңбектің нашар ұйымдастырылғандығын, көптеген дән ұшырыңдыға жіберіліп, астықтың ашық далала қалып, бүлінгендігін атап көрсетті.

Еңбекшілер депутаттары аудандық Советі атқомінің бұрынғы председателі Ыбраев, аудандық партия комитетінің секретарьлары Қабунасов және Пономарев жолдастар қырманда астықтың ысырап болып, бүлініп жатқанын біле тұра ешқандай шара қолданбаған. Соның салдарынан көптеген астық бүлініп, мемлекет пен колхозға үлкен зыян келген.

Пленумға қатысушылар Сталин атындағы колхоздың председателі Шелкунов жолдастан облыстық партия комитетінің қаулысын орындау жолында колхозда қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтар деп үміттенген еді. Бірақ, Шелкунов жолдас ол жөнінде жұмған аузын ашпады. Колхоздың қырманында әлі 1500 центнер астық тазартылмай жатыр. Ол егін жыйнау, астық тазарту жұмыстарындағы кемшіліктерді жоюға тоқталмай, тек қаланың колхозға көмектесуін сұрады.

Егіншілер мен механизаторлардың арасындағы саяси-бұқаралық жұмыстың жайы тозгісіз нашар. Аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Абросимов жолдас колхоздарда тым сирек болған. Ал, болған уақыттардың өзінде бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына көмектеспей, оларға атүсті, жалаң нұсқау берумен барлық істі тындырған.

Бұл жөнінде «Луч Ленина» колхозының председателі Баукенов жолдас өте дұрыс айтты. Аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы тобының қызметкерлері тек председателдің таңірегінде болады. Партиялық-саяси жұмысты жақсарту жөнінде бастауыш партия ұйымдарына аз көмектеседі. Егіншілер мен механизаторлар арасында жиі болып, олар-

ды жаңа еңбек табыстарына жұмылдырып отырмайды.

Егіншілер мен механизаторлар арасындағы социалистік жарыс формальді түрде ұйымдастырылған. Оған мезгілінде қорытынды жасалып, жария етіліп отырылмайды. Озат механизаторлардың жұмыс үлгілері қабырға газеттері мен жауапгерлік листоктар арқылы насихатталмайды. Ал, ауданда өзінің күндіз нормасын үнемі асыра орындап жүрген комбайншылар оңдап саналады.

Пленумда шығып сөйлеген коммунист Ыбраев жолдас аудандық Совет атқомінің егін жыйнау жұмысына үстірт басшылық жасап келгенін, ал, өзі Совет атқомінің бірінші басшысы бола тұра, егін жыйнау және мемлекетке астық тасу жұмыстарына тиісті басшылық жасай алмағандығын мойындады.

— Аудандық партия комитетінің мүшелері, — деді ол, — колхоздарда болған уақыттарында олардың жұмысына ешқандай практикалық көмек көрсетпеді. Олар тек колхоз председателіне, не бастауыш партия ұйымының секретарына үстірт нұсқау берумен барлық жұмысты тындырады. Ал, бұдан жұмыстағы кемшіліктерді жоюға ешқандай пайда келмеді.

Петропавл МТС-нің директоры Любарь жолдас «Луч Ленина» колхозының № 3 бригадасында бола тұрып, ондағы астықтың бүлінуіне жол берген. Астықты сақтап қалуға қажетті шараларды қолданбаған. Ол комбайндардың тоқтаусыз жүруіне керекті жағдайлар жасамады. Любарь басшылықтың коллективтік принципін бұзып, МТС-тің мамандарымен ақылдаспай, үстірт басшылық жасайды. Ал, трактор бригадаларында болған уақыттарында оларға практикалық көмек көрсетпей, төрешілік бұйрық беріп, осымен барлық істі тындырады.

Любарь өзінің сөзінде оған айтылған сынды жақтырмай, өзін мұнғатай тазар, ешқандай қате жасамайтын адам ретінде көрсетуге тырысты.

Пленумда облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі В. Журавлев, Петропавл қалалық партия комитетінің секретары И. Цолипов жолдастар сөз сөйледі.

Пленум өзінің қаулысында егін жыйнау және мемлекетке астық тасу жұмыстарындағы кемшіліктерді атап көрсетіп, оны жоюға бағытталған нақтылы шаралар белгіледі. Ауданның партия, совет ұйымдарының алдына егін жыйнау және мемлекетке астық тасу жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтау міндетін қойды.

Совхоз партия ұйымында

Мамлют совхозының партия ұйымы партия оқуының жаңа оқу жылына толық әзірленіп кіріскелі отыр. Коммунистерге партия оқуында еріктілік принципі кеңінен түсіндіріліп, олардың тіпектері

АУДАНДЫҚ ЖАҢА ГАЗЕТ

Бұрнағы күні Петропавл аудандық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары аудандық Совет атқомінің органы — «За коммунизм» газетінің бірінші номері жарыққа шықты. Газет ауданның алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздарында

атындағы, Жамбыл атындағы, «Луч Ленина» колхоздарында да бастырылған астықтың ашық далала қалдырылуына жол берілгендігі, олардың қырманларында астық тазалау жұмыстары дұрыс ұйым-

нин», А. С. Пушкиннің «Кавитан кызы-
ның» аудармалары қазақ әдебиетін ба-
йытты. Бұл шығармаларды аудару жо-
лында М. Әуезов, Ғ. Мүсрепов, Ә. Тәжі-
баев жұмыс істеді. Бірақ, аударма әде-

нұсқауы болып табылады. Бұл арада ең
маңыздысы — автордың қандай тартысты
іріктеп алғандығы ғана емес, бұл тар-
тысты оның қандай мақсатпен көрсеткелі
отырғандығы, бұл тартысты оның қандай

ды!
Осымен Қазақстан совет жазушылары-
ның III съезінің төртінші мәжілісі жа-
былды.
(ҚазТАГ).

* * *

8 сентябрь күнгі күндізгі мәжілісте Қа-
зақстан КП Орталық Комитетінің бірінші
секретары П. К. Пономаренко жолдас
ұзақ сөз сөйлеп, республика еңбекшілері-
нің алдында тұрған саяси, шаруашылық
және мәдени жаңа зор міндеттерге тоқтал-
ды. Пономаренко жолдас, сонымен бірге,
идеология саласындағы кезекті міндеттер-
ді көрсетті, қазақ совет әдебиетінің өсу

жолына және алдағы міндеттеріне терең
талдау жасады.
Жарыссөзде барлығы 53 адам сөйледі.

* * *

8 сентябрьдің кешінде съез күн төрті-
бінің екінші мәселесін — Қазақстан совет
жазушылары одағының басшы органда-
рын және совет жазушыларының бүкіл-
одақтық II съезіне делегаттар сайлау мә-

селесін қарады.
Қазақстан совет жазушылары одағы
басқармасының құрамына 31 адам, тек-
серу комиссиясына 5 адам сайланды.
Совет жазушыларының бүкілодақтық
II съезіне шешуші дауыспен 30, кеңесші
дауыспен 2 делегат сайланды.
Сонымен Қазақстан совет жазушыла-
рының III съезі өзінің жұмысын аяқтады.

Мүсрепов, Т. Жароков, Д. Снегин, Х.
Ерғалиев, Қ. Хасанов.
Кеше Қазақстан совет жазушылары
одағының тексеру комиссиясы мәжіліс
өткізіп, комиссияның председателдігіне
М. Жанғалин жолдасты, оның орынбаса-
ры етіп Л. Максеев жолдасты сайлады.

ҚАЗАҚСТАН СОВЕТ ЖАЗУШЫЛАРЫ ОДАҒЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ПЛЕНУМЫ

Кеше, Қазақстан совет жазушылары
одағы басқармасының пленумы болды.
Пленум ұйымдастыру мәселесін қарады.
Бірауыздан алынған қаулы бойынша,
Қазақстан совет жазушылары одағы бас-
қармасының председателдігіне Ғ. Мұста-
фин жолдас, Қазақстан совет жазушыла-

ры одағы басқармасының секретары бо-
лып Т. Ақтанов жолдас сайланды.

Қазақстан совет жазушылары одағы
басқармасының президиум мүшелігіне
сайланғандар: М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ.

Мамлют совхозы партия ұйымының
секретары.

МТС-терінің іс- тәжірибелерін, озыт қол-
хозшылар мен механизаторлардың жұмыс
үлгілерін насихаттайды.
«За коммунизм» газетінің бірінші но-
мерінде Қазақстан КП обкомінде деген
рубрикамен «Петропавл ауданының
Сталин атындағы колхозында астықты
сақтаудағы ұқыпсыздық туралы» облыс-
тық партия комитетінің қарары берілген.
Газет «Жабық қырмандағы жұмыс
дереу жолға қойылып» деген тақырып-
пен басмақала жариялаған. Онда ау-
данның колхоз, совхоздары ауа райының
қолайсыздығына қарамастан комбайндар-
дың бастыртқан астықтарын тазалап, оны
мемлекеттің дайындау пункттеріне держе-
зінде жөнелтіп, мемлекетке астық тап-
сырудың қарқынын кемітпей, жұмысты
жақсартуға шақырған.
Ауданның бірқатар колхоздары әсерсе,
Сталин атындағы колхоздың председатели
Шелкунов жолдас қолдағы бар техника-
ны дұрыс пайдаланбай, қырмандағы ас-
тықтың шіріп, бүлінуіне көріне-көзге жол
бергендігі және Ворошилов атында-
ғы, Фурманов атындағы, Буденный

дегенмен ол бақылауға аз алынып, жұ-
мысындағы кемшіліктері үшін атымен
сыналмағандықтан, төрешілдік ландық
мінездің дерті оның бойын кеудей баста-
ғандығын жасырғымыз келмейді.
Валентина Антоновна Заголскаямен ма-
шинаның үстінде таныстық. Ұзын бойлы,
аққуба жас қыз. Москворецкий совхозын
ұйымдастыруға алғашқы келгендердің бі-
рі осы қыз. Комсомолка. Туысқан
Советтік Украинадан келген. Мамандығы
— медициналық сестра. Мінезі орнықты.
— Алғашқы қиыншылықтармен са-
лыстырғанда кәзіргі қиыншылықтар
совхоз адамдарын қорқыта алмайды. Біз
апрель айында келдік. Онда қар қалып,
ауң, суық еді. Тың жерді игеруге келген-
дер көпшілігінің киімі жұқа- жазғы киім
болатын. Күн жылынып, қар жартылай
кетісімен алғашқы тіккен мекеніміз —
палаткалар болды. Адамдарымыз палатка-
ларда ұйықтап, палаткаларда тамақтанып
жүрді. Таңертең көзімізді ашып тұра са-
ла көретіміз — шексіз дала. Қанша қа-
расаңда ұшы- қыйырына көз жетер емес.
Бір күні совхозымызға жаңа тракторлар
келді. Енді совхоз ірге тепкен жерден
үзамай жер жыртар, төңірек суретін өз-
гертер деп ойладық. Жоқ, олай болмады.
Тракторлар бел асып, ұзап кетті. Тек мо-
тор үні ғана еститін болдық. Бір күні
трактор бригадасына бардым. Ас- сула-
рын, ыдыс- аяқтарының тазалығын тек-
сердім. Бірақ, жер жыртғысын қопарып
жүрген тракторшы Подставканың тракто-
рының маңайынан кеткім келмейді. Под-
ставка алғашқы күннен бастап жақсы
істей бастады. Оның жырттып жүрген жер-
ірін ұзындығын, көлденеңін, тереңдігін
сурай беремін. Топрағы қандай, мақпал-
дай қап-қара, жүл-жұмсақ.
— Мен сен қызды жерді мұнша жақсы
көреді деп ойламаған едім, — дейді Под-
ставка.
— Жақсы көрмесе кісінің тағаты же-
тер жер емес екен, — деймін мен оған.
Анығында біздің Украина сұлу әрі бай

колхоздардың мемлекетке астық тапсыру-
дың қарқынын кемітпей, жұмыс орын-
дың қарқынын өрескел төмендетуге әкеп
соққандығы айтылған.
Газет аудан еңбекшілерін социалистік
жарысты кеңінен өрістетіп отырып, қол-
дағы бар техниканы толық пайдалану
арқылы егін жыйнау, мемлекетке астық
тапсыру жұмыстарын қысқа мерзімде
аяқтауға шақырған.
Газеттің бірінші бетінде жарысқа түс-
кен колхоздар мен МТС-тердің 5 сентябрь-
ге дейінгі жұмыс қорытындысы туралы
мәлімет берілген. Мұнымен бірге, газетте
ККП аудандық комитетінің насихат және
үгіт бөлімінің меңгерушісі Г. Аброси-
мовтың «Газет жұмысына авторларды
көптеп қатыстырайық», аудандық оқу
бөлімінің меңгерушісі Л. Декастронның
«Мектептердегі оқу тәрбие жұмыстарын
жаңа талаптарға сай жүргіземіз», ҚКЖО
аудандық комитетінің нұсқаушысы А.
Груздовтың «Оқушылардың колхозға кө-
мегі» деген мақалалары және халықара-
лық шолу жарияланған.
Газет аптасына екі рет шығып тұрады.

Жаңа совхоздарда

1. ЖОЛДА

Күн көзі көтеріліп келеді. Ыстық. Төрт-
бес жүк машинасы Октябрь аудандық
тұтынушылар одағы кеңсесінің алдына
қатарланып, тізіліп тұр. Кеңсе баспа-
дағында отырған екі адамнан жаңа сов-
хоздарға баратын машина бар ма? — деп
сұрадық.

— Жаңа совхоздар дегеніңіз көп қой.
Сіздерге совхоздардың қайсысына бару
керек еді? — деді үстіне комбинзон киген,
орта бойлы, толық денелі жас жігіт.

— Сіз өзіңіз қай совхоздансыз?
— Москворецкийден.

Таныса бастадық. Жас жігіт — 19 жа-
сар Анатолий Жабин № 59-62 машина-
ның шофері болып шықты. Шофер болып
істегеніне бір жарым жыл. Комсомолец,
партияның шақыруымен Сочиден келген.
— Туыстарым Каратеңіз жағасында.
Әкем де шофер. Жеті класс бітірдім де,
шоферлық мамандыққа шығып кеттім, —
деді Анатолий өзі туралы қысқаша ғана.

— Толя, — деді — шұбар бет, кішкене
көз, жыйырма бес- жыйырма алтылар ша-
масындағы жігіт машинаның кабинасын
аша берген Жабинге. — Өлгі Савенков
жоқ, ұшты-күйлі. Ұнға фактура алын-
ды...

— Сәлемәтеіз бә? Савенковтың кім?
— Тұтынушылар одағы қоймасының
менгерушісі. Кәзір келе қоямын деп кет-
кен еді, жоқ әлі. Бір жарым сағат болған
шығар кеткеніне. Неткен менгеруші еке-
ніне түсіне алмай- ақ қойдық. Товар алу-
ға келіп жүріп, оны сарай маңынан бір-
де- бір рет кездестіріп көрген емеспіз,
үнемі іздеп жүргенің. Кейде асханадан,
кейде үйінен табысың. Жаңа совхоздардан
келгендерге оның товар босатында төр-
тіп жоқ, — деді кішкене көз.

Қойма менгерушісін тосуға тура келді.
Ол келгенше әлгі жігітпен таныса баста-
дық. Михаил Васильевич Викулин. Мос-

★
Жәнібек МҰЗАПАРОВ.
★
квалық, мамандығы шофер. Жабинмен
бірге үн алуға келген.

— Москворецкий совхозы Марьевкаға
жүз километрден қашығырақ. Біз Қоста-
най облысының совхоздарымен шекара-
ласпыз. Совхозымыз қаладан үш жүз он
километр. Бір жұмыс жөнінен ғана мақ-
тана аламыз. Оналты мың гектар тың кө-
тердік. Бірақ, құрылыс жұмысымыз ой-
дағыдай емес. Өйткені, тасымал тыйты-
ғымызға жетіп тұр. Тасымайтын нәрсе-
міз жоқ: үйлерді тасып құрастырамыз,
кірпішті тасып қалаймыз, ұнды тасып
ван пісіреміз. Бартон, қауест, май, қы-
яр, ет бәрі — тасымал. Ауыз судың өзін
өкелуге жыйырма бес километрге күн са-
йын машина айдаймыз. Оның үстіне, жа-
ңа совхоздар ісін ЦК-а мен Министрлер
Советі тікелей өздері қолға алып отыр-
ғандықтан, жергілікті жерде көрсетілетін
ұсақ- түйек көмекті көрсетсе де жарайды,
көрсетілмесе — совхоздарға онша зиян
келе қоймайды, деп ойлайтындар да бар.

Осындай қиыншылықтарға жергілікті
жердегі жолдастар толық есеп беріп отыр
деп айтуға бола ма? Неге екенің білмей-
мін, әйтеуір өз басым айта алмаймын.
Мен — шофермін, сондықтан, менің қыз-
метім дыбыс шығармай бір машинамен
жүк тасумен бола беру керек шығар.
Жоқ, мен жүк тасу үшін ғана келгенім
жоқ және көзің шалған кемшіліктердің
жүрегіңді келіп қозғайтыны бар. Мүмкін,
кемшілік жүрегіңді қозғамаса, жүрек-
сыздаң ауырмаса, үндемей жүре берген
де болар едің, — деді Викулин.

Жабин мен Викулин тұрған машина-
ның қасына үстіне шаңғы костюмін ки-
ген, қонжар мұрын, қызыл шырайлы жас
жігіт Миронов келді. 5 адам онсегіз күн

Көкшетау облысындағы Айыртау ауданы-
ның жерінен ағаш кескен екен. Оларды
совхоздан еңкім іздеп бармағандықтан
қаражаттары таусылып, азық, түлік,
киім- кешек өкелу үшін орталарынан Ми-
роновты совхозға жіберіпті. Миронов —
комсомолец. Партияның шақыруымен
Ярославль қаласынан келген балтаны.
Жетіжылдық мектеп бітірген өзіндік пікі-
рі, адамдарға өзіндік беретін бағасы бар
өтек- жеңі жыйнақты, пысық жігіт.

— Совхозымызда төрт жүзден астам
адам бар. Ал, оларды тұрғын үйлермен
қамтамасыз ету ісі нашар. Мұның себебі
совхоздың басшылары адамдармен жұмыс
істей білмейді, — деді Жабин. — Мәселен,
бас инженерді алайық. Біздің тікелей
бастығымыз. Біз осы уақытқа дейін оның
аты- жөнін білмейміз. Себебі, ол шофер-
лар жатқан палатқа кіріп шыққан емес,
бізбен әңгімелеспейді. Не туралы ойланып
жүрміз — сұрамайды, жүк тасуымыз қала-
й — айтпайды. Ол — кенесде, біз — па-
латқада. Адамдарға бұлай бастылық ет-
пес болар, — деп біраз ойланып тұрды да:

— Директордың орынбасары Богороди-
цкий туралы олай деуге болмайды, — деді
ол. Оның совхоз адамдарына ұнайтыны —
онымен, Алексей Александровичпен, бүк-
песіз, шын жүректен, әкене- сенгендей
сенім сөйлесуге болады. Ол кісінің сұра-
ғы мен талабына жауап бергенде қиын-
жықтауды, жалғатқанды білмейді. Мен
жақында одан кезекті демалыс беріңіз
деп өтініп еттім. Машиналар келіп жа-
тыр; ал шоферлар жеткіліксіз, сондық-
тан, өзінде демалыс бере алмаймын, — деп
ол турасын және адалып айтты.

...Уақыт түске жақындап келеді. Тұ-
тынушылар одағының кеңсесіне кеткен
Викулин аржағынан келіп қақпаны ашты
да Жабинге:

— Машинаны тез қораға кіргіз, — деді.
Төбесі ашық қора. Ортаға үн тиелген

қаптар үйіліп, үсті брезентпен жабылып-
ты. Столдар мен тақтайлар да, мискалар
мен ақ самауырлар да осы төбесі ашық
райсоюз қорасының көз келген бұрышына
тасталып, үйіле салынған, сүйей
салынған. Викулин мен Мироновтың
қиймылдары жылдам. Көздерінде күлкі.
Машинаның жақтау тақтайын жалма-
жан ағытып жіберіп, тиеулі тұрған қап-
тарды арта бастады. Қолтығына қысып
ұстаған нашқасы бар, сақал-мұрты алын-
баған, отыздар шамасындағы біреу үн ар-
тын жатқан машинаға жеңсенің ішкі есігі
жағынан желіп:

— Жабындар қақпаны! Шығар машина-
ны! Үн босатылмасы. Мен түскі тама-
ғым барамын. Совхоз адамдарына үн бо-
сатымын деп мен түскі тамағым бармай
отыра алмаймын ғой, — деді айғайлап.
Біз мұны Савенков екенін бірден таны-
дық.

— Осы уақытқа дейін қайда болдыңыз?
— Онда сіздің жұмысыңыз болмасын.
Мен сіздің алдыңызда есеп беретін кісі
емесің және мен кімнің алдында жауап
беретінімді білетіндеймін. Өйткені, мен
істегелі, құдайға шүкір, бірінші жыл
емес — деп ол лепіріп ала жөнелді.

Өзіміңнің өз қызметіне лайық мінезі,
өзіндік мақтанышы, немесе өз қызметіне,
«лайықтап алған» төрешілдік- пандық
мінезі болуы мүмкін. Төрешілдік- пандық
мінез іс әрекеті жұртшылықтың талқы-
сына түсіп, сыналмайтын, сыналса аз
сыналғаны адамдарда болады. Міне, сондай
қызметкерлердің қатарына көбінесе қойма
менгерушісі, кілтші, дүкеншілер жа-
тады. Ондай қызметкер «кішкене қызмет-
кер» деп есептелінеді де оларға жете мән
берілмейді, жете бақылауға алынып, жан-
жақты сыналмайды. Сондықтан сырдың
суы сыбрағынан келмейтін дертке шал-
дығып, олар аяқты шалқақтап басады,
кержіні сөйлейді. Ақыры келіп, олардың
кейбіреулері мемлекет қалтасына қол са-
ла бастайды. Біз Савенковты мемлекет
қалтасына қол салды деп айыптамаймыз,

дегенмен ол бақылауға аз алынып, жұ-
мысындағы кемшіліктері үшін атымен
сыналмағандықтан, төрешілдік ландық
мінездің дерті оның бойын кеудей баста-
ғандығын жасырғымыз келмейді.

Валентина Антоновна Заголскаямен ма-
шинаның үстінде таныстық. Ұзын бойлы,
аққуба жас қыз. Москворецкий совхозын
ұйымдастыруға алғашқы келгендердің бі-
рі осы қыз. Комсомолка. Туысқан
Советтік Украинадан келген. Мамандығы
— медициналық сестра. Мінезі орнықты.

— Алғашқы қиыншылықтармен са-
лыстырғанда кәзіргі қиыншылықтар
совхоз адамдарын қорқыта алмайды. Біз
апрель айында келдік. Онда қар қалып,
ауң, суық еді. Тың жерді игеруге келген-
дер көпшілігінің киімі жұқа- жазғы киім
болатын. Күн жылынып, қар жартылай
кетісімен алғашқы тіккен мекеніміз —
палаткалар болды. Адамдарымыз палатка-
ларда ұйықтап, палаткаларда тамақтанып
жүрді. Таңертең көзімізді ашып тұра са-
ла көретіміз — шексіз дала. Қанша қа-
расаңда ұшы- қыйырына көз жетер емес.
Бір күні совхозымызға жаңа тракторлар
келді. Енді совхоз ірге тепкен жерден
үзамай жер жыртар, төңірек суретін өз-
гертер деп ойладық. Жоқ, олай болмады.
Тракторлар бел асып, ұзап кетті. Тек мо-
тор үні ғана еститін болдық. Бір күні
трактор бригадасына бардым. Ас- сула-
рын, ыдыс- аяқтарының тазалығын тек-
сердім. Бірақ, жер жыртғысын қопарып
жүрген тракторшы Подставканың тракто-
рының маңайынан кеткім келмейді. Под-
ставка алғашқы күннен бастап жақсы
істей бастады. Оның жырттып жүрген жер-
ірін ұзындығын, көлденеңін, тереңдігін
сурай беремін. Топрағы қандай, мақпал-
дай қап-қара, жүл-жұмсақ.

— Мен сен қызды жерді мұнша жақсы
көреді деп ойламаған едім, — дейді Под-
ставка.
— Жақсы көрмесе кісінің тағаты же-
тер жер емес екен, — деймін мен оған.
Анығында біздің Украина сұлу әрі бай

ғой. Бірақ, жыртылмаған бір адым жер
таба алмайсыз. Онда жыртылмаған жер
көлдің жағасы мен тас жолдардың жиегі
ғана. Біреулер ана қала, мына қала, ана
жер, мына жер сүйкімді деп келеді. Рас
шығар. Өзіме совет адамдары мекендеген
жердің бәрі Украинадай сүйкімді, Москва-
дай сәулетті көрінеді, — деді Валентина.

— Тракторшы Подставка кәзір қайда?
— Ол Бүкілодақтық ауылшаруашылық
көрмесіне кандидат болып, Москваға жү-
ріп кеткен. Ол Москворецкий совхозының
таңдаулы тракторшысы. Өз еменасына
531 гектар жер жырттып, 1239 кило-
грамм жанармай үнемідеп деп естідім, —
деді Валентина жымыйып.

— Валентина, сіз қиыншылықтар ту-
ралы айтып келе жаттыңыз да ойдыңыз-
ды аяқтамадыңыз.

— Кәзір совхоз поселжесінде радио сөй-
лемейді, бірақ радио торабына арнаулы
үй салынып жатыр. Совхоз адамдары га-
зет, журнал және жаңа кітаптарды жет-
кілікті мөлшерде алдырта алмай отырмыз.
Қысқа отын жоқ. Жұмысшыларды жабы-
лықтау кооперациясының жұмысы тым
қанағаттанғысыз. Қысқа керекті аяқ-
киім, пальто, өйел көйлектері жоқ. Бұл
әріне, сауда қызметкерлерінің жауап-
сыздығын, икемсіздігін көрсететін қы-
ыншылық, дегенмен жоюға болатын қы-
ыншылық. Ең негізгісі адамдарымыз
совхоз поселжесін салып, оналты мың
гектар тың жер жыртты. Міне, біздің үл-
кен қуанышымыз осы. Келер жылы гек-
тарынан жыйырма бес- отыз центнерден
астық алсақ, адамдарымыздың тыңға сі-
ңірген еңбегі өзінің тиісті жемісін бере-
тін болады, партия мен үкметіміздің жа-
ңа жерлерді игерушілерге көрсеткен се-
німі ақталған болады.

Совет адамдарына партия сенімін ақ-
тарғаннан артық абройлы қызмет жоқ, —
деді Валентина салмақты кескінмен.

(Жалғасы бар).

КИНО

„Алеко“

А.С. Пушкиннің «Цыгандар» поэмасының негізінде орыс композиторы Рахманинов жазған «Алеко» операсы бойынша Ленин орденді «Ленфильм» киностудиясы жасап шығарған «Алеко» атты көркем

мен Алеко Земфираны өзі үшін сүйеді. Өмір еркіндігі тек өзімдік болса екен деген ол Земфираның сезімін өзі билегісі келеді. Еркіндіктің құшағында өскен Земфира үшін бұл қорлық сыяқты кө-



суретті фильм бұл күндері қаланың кинотеатр экрандарында зор табыспен жүріп жатыр. Қала жұртшылығы бұл фильмді қызыға көріп, өздерінің ұлы ақына деген сүйіспеншілігін білдіруде.

Экран ашылғанда біз айдың далада еркін көшіп-қонып жүрген цыгандар табырын көреміз. Еркіндік сүйгіш бұл топ өздерінің «қонысы еркін» өмірлерін өздеріне көңілді өткізуде. Енді аздан кейін бұл табырға қарт цыганның жалғыз қызы Земфира орыс жігіті Алеконы ертіп алып келеді. Фильмдегі драмалық оқиға дәл, міне, осыдан басталады.

Алеко XIX ғасырдың бас кезіндегі бойында түрлі қайшылықтар мен кемшіліктер орын алған дворян интеллигенциясының жас өкілі. Артист Огневцев үлкен ерік күшінің, батылық пен сенімділіктің иесі бола отырып, өзінің бұл күйінін қайда жұмсарға білмей, өмірден өз орнын таба алмаған жас адамның бейнесін фильмде бірқатар жақсы дәрежеге көрсете алған. Огневцев-Алеко дворяндық цивилизацияда тәрбиеленіп, оның өмірден оқшау, жасанды әрі алдаушы, опасыз дәстүрлерінің ортасында өскен адам. Оның бостандық пен еркіндікті сүйетін өр көңілді дворян қауымындағы жасандылықпен, опасыздықпен келісе алмайды. Сондықтан да еркіндік іздеген ол өз табының ортасынан қол үзіп жабайы, бірақ еркін цыгандар табырына кетеді. Огневцев бұл арада Алеконың бойындағы бұл өзгерістің оның Земфираны сүйгенігінен ғана туып отырмаған-

рінеді. Сондықтан да оның Алекоға деген бір кездегі шексіз махаббаты біртіндеп суып бастайды. «Мұздаған онда махаббат, жүрегім ерік тілейді» дейді Земфира.

Айта кету керек, еркіндік құшағында өскен Земфираның образын жасауда жас артистка Зубковская сыртқы бейнеге көңілін көп аударып, оның ішкі жан дүниесінің байлығын ашуға үңілмеген. Шындығында, Земфира жас цыганды сүйіп, оның опасыздыққа бой ұруынан туған жоқ, ол ерік тілеумен жүректің талабынан туып отыр, Алеконың эгоистік өзімшілігі Земфираның оған деген махаббатын суытқан. Бірақ, Зубковскаяның орындауында Земфираның басында болған бұл рухани өзгеріс терең көрінбейді, көп реттерде Земфира жеңіл ойдың құшағында кеткен сыяқты болып көрінеді.

Шындығында, Алеконың осы өзімшілігі фильмдегі трагедияның кілті болып табылады. Ал, бұл өзімшілік қасиет Алеконың цыгандар табырына келгендегі мақсатын орындауға да бөлет жасайды. Ең ақырында, бұл жекеуінің қасиеті оны кісі өлтірушілікке соқтырады. Ал, бұл қылмыстың негізі—дворяндық цивилизацияның тәрбиелік әсерінде жатыр.

ССРО Халық артисі Рейзеннің орындауындағы қарт цыган фильміне сәтті ныққан образдардың бірі. Шебер артистің тамаша дауысы образдың ақылгөйлік қасиетін онан әрі тереңдетіп түскендей.

Бұлардан басқа фильмде жас цыганның ролін артист Кузнецов орындайды. Кузнецов махаббат тәттілігін бастан ал-

БРИТАНИЯ ТРЕД-ЮНИОНДАРЫНЫҢ
86-КОНГРЕСІНЕ ПРЕДСЕДАТЕЛЬ Дж.
ТАННЕРГЕ
БАС СЕКРЕТАРЬ —В. ТЬЮСОНҒА
Брайтон қаласы, Англия.

Қымбатты жолдастар!

Кәсіподақтардың бүкілодақтық орталық советі совет жұмысшылары мен қызметшілерінің атынан Британия тред-юниондарының 86-конгресіне сәлем жолдап, ойдағыдай жұмыс істеуіне тілек білдіреді.

Сіздердің конгресіңіз дүние жүзінің халықтары жаңа соғыс қатерінің алдын алуға, бейбітшілік ісін нығайтуға жұмысқа күшейтін жатқан кезде өтуде. Бейбітшілік жолындағы бұл күресті барлық елдердің кәсіподақтары бірлескен миллиондаған еңбекшілері қолдап отыр. Сөз жоқ, барлық кәсіподақ ұйымдарының қыймыл бірлігі осы игілікті мақсатты жүзеге асыруда табыстарға жетуге және халықаралық шиеленісті босандыруға көмектескен болар еді.

Великобританияның жұмысшы табы, Совет Одағының еңбекшілері сыяқты, бейбітшілікті нығайту және халықтар арасында достық қатынастарды күшейту мүддесін көздеп отыр. Ағылшын және совет кәсіподақтарының фашизмге қарсы күресте үлкен роль атқарған, бірлесіп істеген қыймылдары көзгі уақытта да бейбітшілік жолындағы күреске және кәсіподақтардың халықаралық ынтымақтастығын нығайтуға бағалы үлес бола алады, деп санаймыз. Сондықтан кәсіподақтардың бүкілодақтық орталық советі Британия тред-юниондарының конгресіне біздің елдердің кәсіподақтары арасында байланыстарды нығайту туралы, атап айтқанда, Англия-совет кәсіподақ комитетінің жұмысын қайтадан жүргізу туралы мәселе талқылауды ұсынады.

Англия-совет кәсіподақ комитетінің жұмысын қайтадан бастау Великобританияның Совет Одағы жұмысшыларының арасындағы байланысты нығайтуға, біздің елдеріміздің арасындағы сауда және мәдениет қатынастарын одан әрі нығайтуға, қару-жарақты азайту, сутегі және атом қаруына тыйым салу, халықтардың коллективтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы күресте күш біріктірілуіне көмектесер еді.

Екі елдің кәсіподақтары үшін ортақ мүдде болып табылатын мәселелерді талқылауға кәсіподақтардың бүкілодақтық орталық советі Британия тред-юниондары конгресінің делегациясын Совет Одағына шақыруға және бұл делегацияны біздің елімізде құттықтауға қуанышты болады.

Туысқандық сәлеммен.

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық орталық советінің председатели Н. ШВЕРНИК.

6 сентябрь, 1954 жыл.

ЛЕЙПЦИГТЕГІ ЖӘРМЕНКЕДЕ

ЛОНДОН, 8 сентябрь. (СОТА). Лейпциг жәрменкесіндегі Англияның «Дейли телеграф энд морнинг пост» газетінің арнаулы тілшісі былай деп хабарлаған: жәрменкеде қатысуға келген ағылшын

Совет үкметі делегациясының
Софияға келуі

СОФИЯ, 7 сентябрь. (СОТА). Бүгін Софияға Болгарияның азат етілуінің онжылдығын мейрамдауға Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Президиум мүшесі, ССРО Министрлер Советі Председателінің орынбасары М. З. Сабуров бастаған Совет үкметінің делегациясы келді. Делегацияның құрамында РСФСР Министрлер Советі Председателінің орынбасары Н. Н. Беспалов, Украин ССР Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары И. С. Сення және армия генералы С. С. Березов бар.

София аэродромында Совет Үкметінің делегациясын Болгар Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі В. Червенков, Халық Жыйналысы Президиумының Председателі Г. Дамьянов, Министрлер Советі председателінің орынбасарлары А. Югов, Г. Трайков, Г. Чанков, генерал-полковник И. Михайлов, Болгария Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бірінші секретары Т. Живков, Болгария Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің саяси бюросының мүшелері Г. Цанков пен Е. Стайков халықтық

қорғаныс министрі генерал-полковник И. Панчевский, сыртқы істер министрі Н. М. Нейчев және басқа үкмет мүшелері, қоғамдық-саяси және бұқаралық ұйымдардың өкілдері қарсы алды.

Советтік Үкмет делегациясын ССРО-ның Болгариядағы елшісі Ю. К. Приходов және совет елшілігінің дипломатиялық құрамы, халықтық демократия елдерінің дипломатиялық өкілдері қарсы алды.

Аэродром Совет Одағы мен Болгария Халық Республикасының мемлекеттік жалпауларымен безендірілді. Делегацияны қарсы алу кезінде құрметті қарауыл қойылды. Оркестр ССРО-ның және Болгария Халық Республикасының Мемлекеттік Гимндерін орындады.

В. Червенков үкметтің және Болгария Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің атынан Совет Үкметінің делегациясын қызу құттықтады.

Жауап сөз сөйлеген М. З. Сабуров болгар халқына және Софияның халқына Совет Одағы халықтарының, Коммунистік партияның және Совет Үкметінің атынан сәлем тапсырды.

Оңтүстік Вьетнамдағы аралас комиссияның мәжлісінде

ШАНХАЙ, 7 сентябрь. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігі 31 августа Оңтүстік Вьетнамдағы аралас комиссияның мәжлісінде Вьетнам Халық армиясы командованиесінің өкілі атысты тоқтату туралы бұйрықтың мұқият орындалғандығын және Вьетнам Халық армиясының әскерлерін деркезінде қайта топтастыру жүргізілгендігін айтты, деп хабарлады. Мұнымен қабат ол француз одағының Оңтүстік Вьетнамдағы қарулы күштерінің уақытша бітім туралы келісімді бірнеше рет бұзғандығын көрсететін фактілер келтірді.

Бұдан кейін Вьетнам Халық армиясының Оңтүстік Вьетнамдағы командованиесінің ұсынуы бойынша келісім жасасты, бұл келісім халықтың қауіпсіздігіне және бейбіт жағдайларда тұрғын өміріне правосына кепілдік беру үшін атысты тоқтату туралы бұйрықты мұқият орындауға міндеттейді.

Бұл келісім халықтың мүдделеріне қайшы келетін қарулы қыймылдың қандай түріне болса да тыйым салынуын көздейді, сөйтіп, халықтың бостандығын және демократиялық праволарын толық қамтамасыз етуді, өмірі мен мүлкін қорғауды көздейді.

Женева келісімдерін жүзеге асыруға, халықтың бейбітшілігіне, бостандығына және демократиялық праволарына зиян тигізугіш әрекеттер істейтін адамдарды өз өкілдерінің шеңберінде жазалауға әрбір жақтың беделді үкмет орындарының толық правосы екендігі де келісілді.

Бұл келісім, делінген қарарда, уақытша бітім туралы келісімді жүзеге асыруда онан әрі ілгері басқандық болып табылады.

Эйзенхауэрдің сөз сөйлеуі

НЬЮ-ЙОРК, 8 сентябрь. (СОТА). Президент Эйзенхауэр АҚШ-та атом қуатымен жұмыс істейтін бірінші электр станциясының негізі қалануына байланысты Денверде (Колорадо штаты) радиодан сөз сөйлеген.

Президент сөзінде Совет Одағында атом қуатын бейбітшілік мақсатқа жұмсау жөніндегі табысынан туған үгітшілік сыпаты өзіне ерекше назар аударады делінген. Бұған адамзатты атом және сутегі соғысынан құтқару жөніндегі Совет Одағының ұсынысын дүниежүзі жұртшылығының кеңінен қолдауы қатты әсер еткен болу керек.

Эйзенхауэр: Атом техникасын бейбітшілік мақсаттарына жұмсау жолына халықаралық орган «құруды бастау» жөнінде АҚШ басқа да бірсыпыра елдермен

ендірілетін шпикзат қорының «болмашы бөлегінің» пайдаланылуының негізгі мәселені шешуде ешқандай көмегі болмайды, өйткені, атом материалының негізгі қоры бұрынғыдай атом және сутегі құралдарын жасау жолына пайдаланылуда деген болатын. Сонымен бірге, АҚШ Совет Одағының атом, сутегі тағы басқа да қырып жонтын құралдарды қолданбау жөнінде салтанатты түрде және бас тартпастан жалпылай міндеттеме алуға шақырған ұсынысын қабылдаудан тысқары қалады. Дүние жүзі жұртшылығының ең бір мүдделі болып отырған басты мәселесіне сөкпай, АҚШ жұртшылықтың назарын басқаға аударғысы келеді. Америка Бұрама Штаттары атом қуатын бейбітшілік мақсатына пайдалануға ұмтылып отыр деп сырттай айтқанмен, іс жүзінде

ШАХМАТ ОЙЫНЫНАН ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ
БІРІНШІ ОРЫН АЛУ ҮШІН
КОМАНДАЛЫҚ ЖАРЫС

АМСТЕРДАМ, 8 сентябрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісінен) Кешке жартылай финалдағы топтар командасының жағдайларын анықтайтын, кейінге қалдырылған партияларды аяқтау ойыны болды. Бірінші топта: ССРО мүмкіндігі бар 8 ұпайға түседей не болды, Голландия—5,5, Австрия мен Исландия—4,5 ұпайдан, Финляндия—1, Греция—0,5 ұпайға не болды.

Екінші топта: Болгария мен Чехословакия—мүмкіндігі бар 8 ұпайдың алтауына не болды, Аргентина мен Канада—5, Италия—1,5, Ирландия—0,5 ұпай алды.

Үшінші топта: Швеция—мүмкіндігі бар 12 ұпайдың 8,5-не не болды, Франция—6 ұпай алып және бір партиясы кейінге қалдырылды, Норвегия—5,5 ұпай және бір партиясы кейінге қалдырылды, Югославия—мүмкіндігі бар 8 ұпайдың 5-ін алды, Израиль—8 ұпайдан 4,5, Дания—8 ұпайдан 3,5, Саар облысы—12 ұпайдың екеуіне не болды.

Төртінші топта: Венгрия—12 ойыннан кейін 10 ұпайға не болды, Бельгия—12 ойыннан кейін 6,5 ұпай, Батыс Германия—8 ойыннан кейін 6 ұпай, Колумбия—12 ойыннан 6 ұпай, Англия—8 ойыннан 4 ұпай, Швейцария—8 ойыннан 2,5 ұпай және Люксембург—12 ойыннан 1 ұпай алды.

Үшінші турда Совет командасы Австрия шахматшыларымен ойнап, олардан күшті қарсылыққа кездесті.

Смислов Робачты ұтты, сол сыяқты Керес Прамешхуберге қарсы ойнап, жеңіске жетті. Беди—Бронштейн және Локвенц—Геллер ойындары тең аяқталды.

Сонымен бұл ойында ССРО командасы 3:1 есебімен ұтып шықты.

Үш турдан кейін совет шахматшылары 12 ұпайдың 11-не ие болып, жартылай финалдағы өз тобы бойынша алда келеді.

Басқа топтардағы матчтың нәтижесі бүгінгі ойындан кейін анықталады.

ССРО-ДА ШАХМАТ ОЙЫНЫНАН
КОМАНДАЛЫҚ БІРІНШІ ОРЫН АЛУ
ЖАРЫСЫНЫҢ ТӨРТІНШІ ТУРЫ

РИГА, 8 сентябрь. (СОТА). Кеше Совет Одағында шахмат ойынынан командалық бірінші орын алу жарысының төртінші туры болып өтті. Жарыста алда кел жатқан «Спартак» командасының Бүкілодақтық жарыста алған рет қатысып отырған «Даугава» шахматшыларымен кездесуі аса қызықты болып өтті. Кездесудің нәтижесі 3,5:2,5 болып спартакшылар пайдасына шешілді. Екі партия ойнаған жоқ.

«Медик» қоғамының шахматшылары Совет Армиясы Орталық Үйінің командасымен ойнап, 4:2 есебімен жеңіске жетті. Екі партия кейінге қалдырылды. «Труд» және «Динамо» қоғамдарының командалары арасындағы кездесу 3,5:2,5 есебімен «Труд» командасының пайдасына шешілді. «Искра» және «Крылья Советов» қоғамдарының командалары 2,5 ұпайдан алып, әрқайсысы 3 ойыннан кейінге қалдырды. «Локомотив» шахмат-

дығын, қайта бұл өзгеріс алға ұмтылған адам жастың өз табының өмірге көзқарастары мен жас дәстүріне мойынсыныбай, өмірден өз орнын талпаяқ болған рухани дүниесінің іздеу жолындағы көп толқуларынан туған өзгеріс екендігін шебер көрсете білген.

Цыган табырына сіңісіп кеткен Алекоға жас Земфираның шын махаббаты оған оның өткендегі жиіркенішті өмірлерін ұмыттырғандай болады. Ол да Земфираны беріле сүйеді. Цыгандардың еркін өміріне үйренеді. Бірақ, бұл арада ішіріген дворяндық цивилизацияның Алеконың бойында қалған таты жойылып кетпепендігі бірден көзге түседі. Жасанды тәрбиенің әсерімен өзімшіл, жекешіл болып өс-

ған кешірген жас жігіттің сенесін аңригальдық сезімталдықпен шебер жасай білген.

Фильмдегі цыгандар бұл де өте көркем шыққан. Әсіресе, бұл билердің цыгандар искусствосының өзіндік ерекшеліктері тұрғысында орындалуы оны қоюшы Герберктің творчестволық табысы деуіміз керек.

Ұлы ақынның асыл мұрасының опера негізінде экранда көрсетілуі зор қуанарлық іс. Совет кино искусствосының шеберлері классиктік мұраларды экранға түсіру жолындағы өздерінің жемісті еңбектерін кең құлашпен өрістете түсулері керек.

Қ. САУЫТОВ.

дар мен халық демократиялық елдері сауда ұйымдарының арасында сауда қатынасы нығая түсуде. «Осылайша бір химиялық фирма 1 миллион фунт стерлинг сомасын шамасында ГДР-мен товарды сырттан әкелу және сыртқа шығару жағында шарт жасау үшін келіссөздер жүргізуде. Бір топ тоқыма фирмасы 100 мың фунт стерлинг сомасына Чехословакиядан кездемелер сатып алуға ұмтылуда», — деп жазады тілші.

Лейпциг жәрмеңкесіндегі «Таймстың» арнаулы тілшісі халық демократиялық елдері жәрмеңкеге әкелген өндіріс бұйымдарына ерекше назар аударған.

шарт жасауы деген. Осылайша сауданың «атом пұыын» жасау жөніндегі идеясы алғаш рет өзінің 1953 жылы 8 декабрында сөйлеген сөзінде айтылған болатын. Ол онда бейбітшілік мақсаты үшін атом

СУДАҢАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ

ҚАЙР, 8 сентябрь. (СОТА). Нилдің тасуына байланысты Суданда болып жатқан жаңдай туралы баспасөз: бірсыпыра аудандарда деревиялар түтөлдей су астында қалған деп хабарлайды. Нилдің суы әлі де көтеріле түсуде. Бұдан жаңадан мыңдаған адамдардың баспанасыз қалу қауыпы туып отыр.

Нилдің тасуынан туған апат қатты

ғысына асығыс дайындық жасауда. Президент Эйзенхауэрдің жаңадан жариялап отырған «халықаралық органның» негізгі мақсаты, міне осындай.

нөсер және дауылдармен ұштасуда. Хар-тумнан былай деп хабарлайды: Суданда 7 сентябрьде болған нөсер соңғы 50 жылдар ішінде болған нөсердің ішіндегі ең қаттысы болып есептеледі.

Сол сияқты, қатты жел мен нөсердің зардабынан, әсіресе, деревияларда болған апаттар жөнінде де хабарлаған.

сын ұтты және 5 ойынды кейінге қалдырды.

Бүгін бесінші тур болады. Ал, 9 сентябрьде аяқталмай қалған ойындар ойналады.

ШВЕД ЖӘНЕ СОВЕТ ФУТБОЛШЫЛАРЫНЫҢ ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУІ

8 сентябрьде, Москвада, орталық «Динамо» стадионында Совет Одағы мен Швеция құрама футбол командалары арасында халықаралық жолдастық кездесуі болып өтті.

Кездесу 7:0 есебімен совет футболшыларының жеңісімен аяқталды. (СОТА).

Халықаралық шолу

«ЕВРОПАЛЫҚ ҚОРҒАНЫС БІРЛЕСТІГІН» ФРАНЦИЯНЫҢ ҚАБЫЛДАМАЙ ТАСТАУЫНАН КЕЙІН

Францияның және барлық европалық елдердің жұртшылығы «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы мәселенің ұлттық жыйналыста талқылануын мейлінше зейін қойып қадағалайды. Бұл «бірлестік» туралы договорды бекіту — Батыс Германияда кекалғыш армияны қайта тудыру деген сөз болар еді, мұның өзі Европада жаңа соғыс тууының қауіпін күшейткен болар еді. Бірақ ұлттық жыйналыс бұл жолға түспей, договорды қабылдамай тастады. Францияның және басқа елдердің жұртшылығы Франция парламентінің қарарын халықтардың бейбітшілік және халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолындағы күресінде үлкен табыс деп бағалайды. «Екі мағналы жағдайда туып, қулық-сұмдық, өтірік және пара беріп сатып алу жағдайында жетіліп, европалық қорғаныс бірлестігінің жобасы күйреді», — міне француздың ықпалды газеті «Монд» бірлестіктің қабыр тасына осылай деп жазады.

Францияда «европалық қорғаныс бірлестігін» қабылдамай тастау туралы хабар Европада дүниежүзілік екінші соғыс басталуының 15 жылдығы қарсаңында қабылданды. «Бірлестікті» және «европалық армияны» құру жоспарларын қабылдамай тастап, француз халқы дүниежүзілік екінші соғыстың адам айтқысыз қорқыныштарын ұмытпағандығын және бейбітшілікке қатер болып табылатын герман милитаризмінің қайта тудырылуына жол бермеуге бел байлап әзір отырғандығын көрсетті.

Француз халқы, «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды қабылдамай тастап, бейбітшілік жолындағы күресте елеулі жеңіске жетті. Мұнымен қабат, қол жеткенге қанағаттану, бейқамдық істеу орасан зор қате болатындығын басқа европалық елдердің халықтары сыяқты, олар да түсінеді. «Европалық қорғаныс бірлестігі» және «европалық армия» туралы договор Батыс Германияны милитар-

ландырудың басталуы деген сөз емес, қайта бұл жұмысты ашық жағдайға көшіру және гитлерлік түрдегі соғыс машинасын қайта тудыру жөнінде Боннда іс жүзінде істеліп жатқан істерді мейлінше тез аяқтау мүмкіндігі деген сөз екенін ұмытуға болмайды. Батысгерманиялық бундестагтың ГДР-ға көшкен депутатты Шмидт-Витмак жақында Берлинде болған баспасөз конференциясында бұл фактыны атап көрсетті. Ол мынаны хабарлады: АҚШ мен Бонн үкіметі өкілдерінің күнші кеңесінде 24 дивизия мөлшерінде «неміс контингенттерін» құруды көздейтін мобилизациялық жоспар жасалған және тағы да 24 дивизия мөлшерінде резерв жасау мүмкіндігі есепке алынған. Соның өзінде 12 дивизия құру үшін барлық жағдай әзір етілген!

Американ және батысгерманиялық империалистердің «европалық қорғаныс бірлестігі» жоспарларының күйреуіне әсте көнбегендігі айдан анық. Фактылардың көрсетуіне қарағанда, олар герман милитаризмін басқа жолдармен және басқа амалдармен қайта тудыруға тырысуда.

Францияда Париж договорының күйрегендігі мәлім болғаннан кейін-ақ, Батыс Германияда билеп-төстеуші христиан демократтары партиясының өкілі Кроне: «европалық армия басқа жолдармен құрылуға тиіс» деп мәлімдеді. Ал Батыс Германиялық «Дер тагесшигел» газеті: «енді Бонн қыймылдауға тиіс» деп қояндады. Сөйтіп Бонның билеп-төстеуші қайраткерлері Батыс Германияны реми-литарландыруды тездетуге және француздарды бұл фактіге көндіруге тырысып, шын мәнісінде жанталаса белсенділік істеуде. Аденауэр үкіметі «программа» белгіледі, мұның әрбір пункті Батыс Германияны бөгетсіз және тоқтаусыз реми-литарландыру және Батыс Германия бастаған жаңа соғыс блогін құру ісін қамтамасыз ету мақсатын ғана көздейді.

Күйреген милитаристік «бірлестіктің» Вашингтондағы рухтандырушылары да өз әрекеттерін күшейтуде. Францияның «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды қабылдамай тастауы американ

монополияларының көп жоспарларын бұзды, атап айтқанда, «Нью-Йорк биржасында акциялар курсының мықтап төмендеуіне апарып соқты, әсіресе Дюпонның, «Дженерал моторстың» және соғыс мақсатында жұмыс істейтін басқа концерндердің курстары мықтап төмендеді. Өздеріне пайда түсірудің қамын ойлап, американ монополиялары Батыс Германияны қайта қаруландырудың және Батыс Европада соғыс әзірлігін өршітудің жаңа жолдарын асыға іздегізуде. «Европалық қорғаныс бірлестігі» құру жоспарының күйреуімен байланысты, «Нью-Йорк таймс» газеті «Американың ресми қайраткерінің» «біздің басқа арба табуымыз керек» деген мәнерлі ескертуін басып шығарды.

Американ және батысгерманиялық баспасөз бетінде герман милитаристтері мен олардың мұхит аржағындағы қожайындарының бұдан әрі мініп баратын «арбаларының» тізімдері келтірілуде. Атап айтқанда, Батыс Германияны және герман армиясын тікелей агрессиялық Солтүстік-Атлантика одағына енгізу туралы мәселе ашық талқыланып жатыр. Вашингтон мен Боннда Батыс Германияға «толық суверенитет» беру туралы бұрынғыдан да гөрі қажырлы түрде сөз ете бастады, ал мұндай «суверенитет» деп шын мәнісіндегі суверенитетке қарама-қарсы бірдеме еске алынады. Вашингтондағылар Батыс Германияның «толық суверенитеті» Батыс Германияны шексіз қаруландыру деген сөз деп түсінеді. Батыс Германияны қайта қаруландыру проблемаларын талқылау үшін сегіз елдің (АҚШ-тың, Англияның және «европалық армия» туралы договорға қол қойған алғашқы мемлекеттің) кеңесін шақыруы да ұсынылып отыр. Францияның демократиялық жұртшылығы бұл ұсыныстарды Батыс Европа халықтарына Батыс Германияның жаңа соғыс ошағына айналдырылуын қабылдатуға тырысқан талантты белгісі, деп айыптауда.

Осындай мақсаттарды көздеп, американ монополистері мен Бонн кекалғыштары, «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы

договор күйрегеннен кейін Франция мен Батыс Европаның герман вермахтың қайта тудырудан «басқа жолы жоқ» деген пікір тудыруға барынша тырысуда. Алайда, бұл жалған тезисті тұрмыстың өзі-ақ талқандап тастап отыр.

Совет Одағы халықтардың бейбітшілігі мен қауіпсіздігін нығайтудың шын жолын көрсетті. Бұл жол Европада коллективтік қауіпсіздік идеясын жүзеге асыру арқылы өтеді.

«Юманите» газеті, француздардың басымы көпшілігінің пікірін білдіре отырып, «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договордың қабылдана басталуына жете білген француз халқы вермахты қайта тудырудың қандай да болса жаңа әрекетін болдырмауға бел байлап әзір отыр», деп жазады. Төрт державаның келіссөздер жүргізуі және Европада коллективтік қауіпсіздік ұйымдастыру мақсаты мен келес шақыруы арқылы Германия проблемасын бейбіт жолмен шешу ғана Францияның және барлық европалық халықтардың ұлттық мүдделеріне сай келетіндігін Францияның прогресшіл күштері айқын сезін, біліп отыр.

АҚШ-ТЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯДАҒЫ ТІМІСКІЛЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ

Баспасөз бетінде бұдан бұрын хабар етілгеніндей, 6 сентябрьде, Манилада (Филиппины) сегіз елдің Оңтүстік-Шығыс Азияда агрессиялық соғыс блогін (СЕАТО) құруға арналған конференциясы ашылды. СЕАТО туралы алдын ала келіссөздер кәзірдің өзінде-ақ басталды: АҚШ-тың, Англияның, Францияның, Австралияның, Жаңа Зеландияның, Филиппиннің, Таиландтың және Пакістанның сарапшылары 1 сентябрьден бастап осы келіссөздерді жүргізіп жатыр. Маниладағы конференция Индо-Қытайда бейбіт реттеушідіктен кейін Оңтүстік-Шығыс Азияда соғыстың және халықаралық шиеленістің жаңа ошағын жасауға тырысып отырған АҚШ-тың билеп-төстеуші топтарының көздеген мақсаты бойынша шақырылды.

Американың жаңа агрессиялық блок құру идеясын Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының айыптап отырғандығын Маниладағы конференцияға қатынасушылардың құрамының өзі-ақ көрсетеді. Бұл ауданның негізгі елдері—Индия, Ин-

донезия, Бирма, Цейлон агрессиялық блокқа қатынасу жөнінде ғана емес. Маниладағы конференцияда байқаушылар жіберу жөнінде де АҚШ-тың ұсынысын қабылдамай тастады. Осының нәтижесінде конференцияда Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен АҚШ-тан тәуелді Филиппины мен Таиландтың және американың «жәрдеммен» байланысты болып отырған Пакістанның өкілдері ғана болады. Оның бер жағында, Пакістан үкіметі де Маниладағы конференцияға пакістан делегаттарының қатынасуы Пакістанның СЕАТО-ға міндетті түрде қатынасуы деген сөз емес, деп маңызды ескерту жасады.

Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының шын пікірін бұрмалап, өңін айналдыруға тиісті болып отырған Манила конференциясын американ ұйымдастырушылары өздері құрастырып жатқан соғыс блогін қайдағы бір «қорғаныс шарасы» деп суреттеуге тырысуда. Солай бола тұрса да, олар халықаралық праваға және практикаға өрескел қайшы келетін агрессиялық әрекет туралы әңгіме болып отырғандығының фактісін жасыра алмай отыр. Блокті құру туралы договордың американың жоспарына қарағанда, Құрама Штаттар СЕАТО-ның жәрдемімен аса зор көлемді жерлерді, соның ішінде Маниладағы келіссөздерге тіпті қатынасқысы келмеген азиялық елдердің —Индияның, Индонезияның, Бирманың және Цейлонның жерлерін бақылау правасын алуды тілейді.

Америка Құрама Штаттары Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қандай оқыйғаны болса да өзіне бағалау және осыған сәйкес жер бетінің бұл ауданындағы қандай елдің болса да істеріне соғыс жөнімен араласуын қамтамасыз ету правасын алуды тырысады. Өрине, сондықтан бұл байтақ ауданның елдерінің жұртшылығы американдықтардың тіміскілеген әрекеттеріне қатты наразылық білдіруде. СЕАТО-ның инициаторлары дүниежүзілік екінші соғыстың қарсаңында жасалған, халықтарды есепсіз апаттарға ұшыратқан және оған қол қойған елдерді мерт болуға жеткізген атышулы гитлерлік «антикоммунистік шартқа» дәлме-дәл ұқсас ұйым құруға тырысатындығын Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің демократиялық баспасөзі әділетті атап көрсетуде.

Маниладағы конференцияға әзірлік

жүргізудің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ СЕАТО-ға қатынасушылардың «бірауыздылығы» жөнінде АҚШ-тың үміті ақталмағандығы айқындалды. Вашингтон дайындаған жобаларды үлгі етуге Манила келіссөздеріне қатынасушылардың бәрі бірдей бейім болып отырған жоқ. Газеттердің хабарларына қарағанда, Англияның өкілдері договордың американың жобасына үлкен өзгерістер енгізген. Американың жобасына Франция да наразылық білдіріп отыр. СЕАТО да үстемдік жағдайға ие болып, Құрама Штаттар өздері құрастыратын жаңа соғыс блогін өздерінің түстік-Шығыс Азиядағы ағылшын және француз бәсекелестерінің позицияларына шабуыл жасау үшін пайдаланылады, деп Лондондағылар мен Париждегілердің атап көрсетуі дәлелсіз емес. СЕАТО сарапшыларының алдын ала келіссөздері кезінде байқалған үлкен алауыздылықтарды айта келіп, Англияның «Дейли телеграф энд морнинг пост» газеті келіссөзге қатынасушы кейбіреулер «американың позициясынан өздерінің түңілгендігін жасырмай отыр» деп атап көрсетеді. Конференцияға қатынасушылар АҚШ-тың жобаланып отырған соғыс блогіне Лаосты, Камбоджаны және Оңтүстік Вьетнамды енгізбекші болып отырғандығынан ерекше шошынды, өйткені мұның өзі Женева келісімдерін өрескел бұздандық болып табылады.

Американ билеп-төстеуші топтары өзінің СЕАТО жөніндегі серіктерінің қарсылығын жоюға реті келеді деп үміттінуде. Бірақ американың дипломаттары мен соғыс-құмарлары құрып жатқан блокті Оңтүстік-Шығыс Азияда бейбітшілікті бұзу әрекеті және Азия елдерінің бостандығы мен тәуелсіздігіне тікелей қатер, деп білетін Азия халықтарын Құрама Штаттар ешқандай амал-айалдармен алдай алмайды.

Женева кеңесінің қарарларымен қаруланған бейбітшілік сүйгіш халықтар агрессорлардың Азиядағы халықаралық шиеленісті күшейтуге тырысқан барлық және қандай да болса әрекеттеріне қарсы батыл күресуде.

А. ШАТИЛОВ.

Редактордың орынбасары

Г. НҰРМОЛДИН.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат—1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02654.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.